

---

---

международной научно-практической онлайн конференции: Научное электронное издание. - Караганда, 2021.- С.25-28.

8 Ахметов А. Нотариальное удостоверение завещаний в Республике Казахстан: правовая сущность и значение. //Актуальные проблемы правового регулирования и новые подходы к реализации национального права. - Материалы научно-практической онлайн-конференции: Изд-во КарУ, 2021. — С.171-175.

9 Свит Ю. П. Судебная защита наследственных прав // Цивилист- 2006. № 3- С.78-82

10 Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы N 5 Нормативтік қаулысы. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000005S\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000005S_)

## **АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЗАҢ МӘТІНДЕРІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕР**

*Садепхан Алия, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ  
3 курс студенті*

*Ғыл. жет: Азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының  
аға оқытушысы Тоқатов Р.А.*

Тіл мемлекетіміздің тірегі, тәуелсіздігімізбен егемендігіміздің айғағы. Қазақ тілі мемлекетіміздің өткені мен келешегінен сыр шертер тірі тарих, халқымыз ана тілімізді ұлтымыздың баға жетпес байлығына, тірегіне балайды. Осы орайда Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде жатыр» деген сөзі еріксіз еске түседі. [1] Ал бүгінде осы мемлекеттік тіліміздің өз отанында қысым көріп жатқанын жасыра алмаймыз. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясының тарылуы еліміздің ертеңіне көлеңке түсіреді, бүгінгі таңда қазақ тілінің қысым көріп жатқан салаларның бір заң саласы. Заңгерлеріміздің қазақша кеңес бермеуі, судьяларымыздың сот істерін орыс тілінде жазылған заңдарға сүйеніп қазақша жүргізуі, қазақша заңдарымызбен құқықтық актілерімізде жіберілген аударма қателерімен еміле қателерінің бәрі тағысын тағылар соның көрінісі. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі заңына сәйкес, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі, мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін, іс қағаздарын жүргізу тілі болуға тиіс» делінген. [2] Заңымызда берілген талаптар бүгінгі таңда толық орындалып жатыр деп айта алмаймыз. Мемлекеттік тілдің маңыздылығын арттыру мақсатында, оның сапасын жетілдіру үшін мемлекеттік тілде іс қарайтын судьяларды және іс құжаттарын мемлекеттік тілде сапалы жүргізіп отыратын сот мамандарының көбеюіне ат салысуымыз керек. Сонымен қатар, өткізілетін жиналыстар, дөңгелек үстелдер, семинар сабақтары қазақ тілінде жиі өткізіліп отырылса, мемлекеттік тілдің мерейі үстем боларына сенеміз. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ 2017 жылдың 1-ші жарты жылдығында Ақтөбе облысының соттары барлығы 1031 қылмыстық іс қараған, соның ішінде 471 қылмыстық іс қазақ тілінде (45,7 %), 560 қылмыстық іс орыс тілінде (54,3 %) қаралған. [3] Бұл тек қылмыстық құқық саласы ғана бойынша

---

---

болып отыр ал қазақ тіліміздің мәртебесі жете орындалмаған құқық салалары қаншама солардың бірі «Азаматтық құқық» саласы.

Ана тіліміздің бүгінгі күндегі заң саласындағы қолданыс аясының шектелуіне не себеп? Мұның барлығы сонау «Кеңес одағы» кезінен бергі созылып келген ұзақ процесс. «Кеңес одағы» қазақ дейтін жұртты тілімен қоса жойғысы келді. «КСРО» жаңа қабылданған қазақша жобалармен заңдарды, ежелден келе жатқан қағазға басылған заңдармен қабылданған құқықтық актілерді барынша бұрмалап орыс тілінде мағынасымен мәнін өзгерте орырып таратты. Сол себепті кеңестік кезеңде қазақтың заң тілі, нормативтік құқықтық актілер тілі мен оның терминологиясы жасалып, орнықпады. Ресми құжаттармен заң жобаларының аударма мәселесі бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Қазіргі қолданыстағы кодекстермен заңдардың, заңға бағынышты актілердің басым бөлігінің негізі сол орыс тілінде жазылды және соны бүгінгі таңда мемлекеттік тілге аударуда қиындық тудыруда. Тәуелсіздік жылдары тұсында 3 мыңға жуық заң қабылданса сол заңның ішінде тек екеуі ғана қазақ тілінде жазылған екен. [4] Біздің елде заңдарды қазақшаға аударумен оларды тілдік, стильдік тұрғыдан жетілдіру мемлекеттік органдардағы аудармашылар мен аударма және редакциялау бөлімдерінің қызметкерлеріне, «Әділет министрлігіне қарасты Заңнама және құқықтық ақпарат институт» сияқты құрылымдарға жүктеліп қойған. Ширек ғасырдан бергі аударма процессі әсерінен қазақ тіліндегі заң шығармашылығы жарты ғасырдан астам уақыт бойы қолға алынбай, жолы байланып қалды. Бұл тұрғыдан қарағанда аударма ұлт тіліндегі заң шығармашылығының тежеуші факторына айналып отыр. Осы мәселенің орнауының үлкен бір себебі алғашқыда жобасы орыс тілінде жасалған заңдарды қазақ тіліне аудару барысын заңгерлердің емес филологтардың жасауы үлкен әсерін тигізуде. «Заң тілі» оны оқитын, пайдаланатын әр азаматқа түсінікті, ондағы құқықтық норма тайға таңба басқандай анықта айқын болуы тиіс. Бұлар ресми тілге, заң мәтіндеріне қойылатын лингвистикалық талаптар. Осы қойылған талаптарды жүзеге асыруды филологтардың емес осы саланың отына күйіп суымен қайнап жүрген заңгерлердің атқаруы тиіс деп санаймыз. Бүкіл әлемде мемлекеттің заңдары сол елдің мемлекеттік тілінде жазылады. Содан кейін ғана қажет болған жағдайда өзге тілдерге аударылады. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі», [2] – деп жазылғандығын атап өтсек, осы жерде тағы бір тоқтала кететін маңызды мәселе; ресми аударма ісі филологтарға (бірінші мамандығы «филолог», екінші мамандығы «заңгер») жүктелген. Дұрысы заңның мәтінімен жұмыс істейтін адам міндетті түрде заңгер, яғни бірінші меңгерген мамандығы «заңгер» болуы керек. Өйткені, майталман аудармашы-филолог маманның өзі заңның мәтінімен жұмыс істеуге келгенде, сол заңның табиғатын түсіне алмай қиналады. Өкініштісі бұл жүйенің әлі өзгеріске ұшырамауы. Заңдық техникадан хабары жоқ адам қазақшаға еркін аударып немесе редакциялап қойғанымен, орыс тіліндегі түп нұсқамен салыстырып, заң шығарушының не айтпақ болғанын зерделегенде, заң шығарушының ойын, яғни құқық нормасының мәнісін бұрмалайтын жағдайлар кездеседі.

Азаматтық құқық саласындағы аударма мәселелерінің елең еткізер қателіктері аз емес, ендігі кезекте соларға тоқталар болсақ, мәселен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің жалпы бөлімінің 114- бабында кездеседі, бұл бап «Мемлекетке және әкімшілік-аумақтық бөлініске заңды тұлғалар туралы қалыптарды қолдану» [5] деп

аталған алайда дәл осы кодекстің орысша баламасында «Применение к государству и административно-территориальной единице норм о юридических лицах» деп көрсетіледі, [6] бұл жердегі көзге оттай басылатын қателік «норма» сөзінің қазақша аудармасын «қалып» деп аударған. Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 1 бабының 18 тармағында «Құқық нормасы» сөзіне «реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберінде көп мәрте қолдануға арналған, жеке-дара айқындалмаған тұлғалар тобына қолданылатын, тұрақты немесе уақытша сипаттағы жалпыға міндетті мінез-құлық қағидасы» деп түсініктеме береді. [7] Көріп отырғанымыздай бұл жерде «Норма» сөзіне жаңаша аударма берілмеген сонымен қатар «қалып» сөзі жалпақ тілде, ресми іс қағаздар тілінде де түсініксіз, айта кететін тағы бір жайт осы «қалып» сөзі Азаматтық кодекстің 6 бабында да кездеседі. Осы мәселе тұрғысынан Қазақстан Республикасының Құқықтық актілер туралы 2016 жылдың 6 сәуірдегі Заңының 24-бабында нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар көрсетіледі, ал 3 тармақшасында «Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері тең түп нұсқалы болуға тиіс» делінген. [7] Бұл осы заң талаптарының орындалмауының айқын көрінісі деп санаймыз. Кодекстің жалпы бөлімінде тоқтала кететін қателердің бірі 125 баптың атауы «Интеллектуалдық меншік» деп аталған алайда осы «интелек» сөзінің синонимдес сөздері кодекстің әр шетінде әр қилы айтылуда, мәселен Жалпы бөлімнің 14, 22, 125 баптарында «Интеллектуалдық меншік» деп аталса дәл осы сөз Ерекше бөлімнің 7 Параграфының атауы мен 679, 916, 961, 962, 963, 964, 966, 968, 1120 баптарында көрініс табады. Енді Ерекше бөлімнің 891-1 және 965 баптарында «Зияткерлік меншік» деп аталады. [5] «Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы бірыңғай реттеу қағидаттары туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 30 маусымдағы заңында тек зияткерлік меншік құқығы сөзі ғана қолданылады. [8] Бұл жерде терминдердің әр тектілігі мәселесі орын алуда кодекстегі және заңдағы терминдерді бір ізділендіріп тек «Зияткерлік меншік» сөзін қолдynamуды дұрыс деп санаймыз, себебі орысша кодекстегі «Интеллектуальная собственность» сөзінің толық қазақша аудармасы «Зияткерлік меншік» деп аударылады. [6] Біз түсінбеген кодекстегі сөздердің бірі 697 баптың атауы «кіре ақысы» кіре деген сөзді түсінбей орысша нұсқасына қарасақ ол жерде «Провозная плата» яғни тікелей аударсақ «Тасымалдау ақысы» деген түсінікті атауды аламыз. Осы баптың 1 тармағында кіре сөзіне емес тасымалдау деген сөзге анықтама береді, ендеше өзіміздің тілімізді өзіміз түсінбейтіндей етіп неге мағынасы жоқ атауларды жазамыз. Аударма барысында жіберілген қателіктердің бірі Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімінің 1004 бабында көрініс табады. [5] Баптың атауы «Оған дейін пайдалану құқығы» деп берілген орысша кодексте «Право преждепользования» делінген осы жерден «преждепользования» сөзін қазақшаға аударсақ «алдын ала пайдалану немесе бұрын пайдалану» деген аударманы аламыз ендеше неге сөздік қоры мол тілімізді одан әрмен қиындатамыз, оның үстіне «оған дейін пайдалану құқығы» деген сөз мүлдем түсініксіз. [6] Ерекше бөлімнің осы бабының атауын жалпыға түсінікті етіп «Алдын ала пайдалану құқығы» деп өзгертсе дейміз. Ерекше бөлімнің аударма қателерінің санатын толықтыратын келесі 1077 бап, бұл баптың атауы «Болмаған мұрагерлердің құқықтары» [5] осы бапты бірден оқыған кезде мағынасы түсініксіз, аудармашылардың аударған «болмаған мұрагерлер» сөзін орысша кодекстен қарар

болсақ осы бап «Права отсутствующих наследников» [6] деп баяндалған осы жердегі «отсутствующих наследников» сөзін «мұраға қатыспаған мұрагерлер» деп аударсақ әлде қайда түсінікті болады деп ойлаймыз. «Болмаған мұрагерлердің құқықтары» деп аталған 1077- бапты «Мұраға қатыспаған мұрагерлердің құқықтары» деп өзгертсек көркем және түсінікті болады деп санаймыз. Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімінде өріп жүрген қателердің бірі 409-баптың 2-тармағындағы «келісуінсіз» сөзі. Олай деуге себеп орысша түпнұсқада «Продавец не вправе исполнять такой договор до наступления или после истечения определенного в нем срока без согласия покупателя.» деп жазылған сөйлемді аудармашылар «Сатушының мұндай шартты онда белгіленген мерзім басталғанға дейін немесе біткеннен кейін сатып алушының келісуінсіз орындауға құқығы жоқ.» деп аударған. Мұндағы «без согласия» сөзін «келісуінсіз» деп аударған. Біздің нұсқада бұл аударма «Сатушының мұндай шартты онда белгіленген мерзім басталғанға дейін немесе мерзім аяқталғаннан кейін сатып алушының келісімінсіз орындауға құқығы жоқ» деп аударылғанын дұрыс дейміз. [6] Бапты толық аударғанда неліктен кей сөздер аударылмай калады ал, кей баптарда дәл сол сөз аударылмаған сөз аударылып тұрады. Мысалы, ондай өрескел қателікті 446-баптан кезіктіруге болады. Баптың мәтінін оқитын болсақ «тауар чегін» деген сөзді ал, 452-баптың 2-тармағынан және 772-баптың 2-тармағынан «түбіртек» сөзін кездестіруге болады. Бұл жерде қайтадан терминдердің бірізді болмауы мәселесі орнауда. Осы 446-баптың мазмұнынан «чек» сөзін алып тастап «түбіртек» сөзін енгізсек дейміз. Себебі, заң мәтіндерімізде, терминдерімізде қазақша болуы тіліміздің келешегіне елеулі үлес қосары анық. Мемлекеттік тіліміздегі өзекті осы мәселелердің шешімін табуы, тіліміздің жарқын болашағының жолындағы қаланған бір тас іспеттес болмақ және сол тастың қалануының себепкері болу жұртымыздың алдындағы асыл парызымыз екенін естен әсте шығрмау керек. Іскерлік тілге шет ел тілінің енуі бүгінгі күнгі заң саласындағы терминдер мәселесінің біріне айналды, осы сынды қателіктерді 447-баптың 1-ші және 2-ші тармақтарынан және 450-баптың 1-тармағынан байқауға болады. Мұндағы жасалған шала аударманың өкілі, баптың 1-тармағындағы «каталог» сөзі. Гректің «katalogos» «тізім» сөзінен шыққан бұл сөздің қарап тұрсақ аудармасы бар. [6] Ендеше неге осы аударманы қолданбасқа, жазбасқа. Сондағы біздің 447-баппен 450-баптың мазмұнына «тізімдеме» деген қазақша аударма енер еді.

Азаматтық кодексті тек заңгерлер ғана емес өз құқықтарын білгілері келетін қарапайым халықта ашып қарайды, біз заңгер бола тұра түсінбеген бұл сөздерді қарапайым қараша халық түсіне қояды деп ойламаймыз. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтің 2020 жылы «Ана тілі» газетінде берген сұхбатында былай деген «Шындығында, тілдік проблеманың үлкен саяси мәні мен маңызы бар. Тіл мәселесіне бей-жай қарап, немқұрайлылық танытатын болсақ, мемлекеттігіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін». [9] Біз ұлт көшбасшысының бұл оймен толық келісеміз қай салада болмасын мемлекеттің тіліміздің мәртебесімен қолданыс аясын кеңіту еліміздің кемел болашағына бастар жол деп санаймыз. Біздің бұл көтерген мәселеміз тек қана Азаматтық құқық саласындағы заңнамалық актілердің мазмұнына ғана байланысты болып отыр. Бұл салада жіберілген қателіктерді жөндеп тіліміздегі бірізділік терминологиясын қалыптастырып жалпыға түсінікті заң жобаларын ұсынуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәмет С. “Қазақстанның болашағы қазақ тілінде жатыр” /С.Мәмет //Егемен Қазақстан.- 1998.- 2 қыркүйек
  - 2.«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен) Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ. URL:[http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_)
  3. Ақтөбе облыстық сотының судьясы М.Косумбетов «Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруіміз қажет» [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер. <https://akt.sud.kz/kaz/massmedia/memlekettik-tildin-mrtebesin-koteruimiz-kazhet>
  4. Шерубай Құрманбайұлы «Зандар неге қазақша жазылмайды?» [Электронды ресурс] // Ақпараттық жүйелер <http://anatili.kazgazeta.kz/news/55686> 12.12.2019
  5. «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі» Жалпы бөлімі 1994 жылғы 27 желтоқсан № 268-ХІІІ; Ерекше бөлімі 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-1 қабылданған. (өзгерістермен және толықтырулармен) / / Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ. URL:[http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_)  
[http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_)
  6. Общая часть «Гражданский кодекс Республики Казахстан» принята 27 декабря 1994 года № 268-ХІІІ; Особенная часть от 1 июля 1999 года № 409 (с изменениями и дополнениями) / / Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ. URL [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000_) [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K990000409\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K990000409_)
  - 7.«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 6 сәуіріндегі Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен) / / Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>
  - 8.«Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы бірыңғай реттеу қағидаттары туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 30 маусымдағы № 448-ІV Заңы. (өзгерістермен және толықтырулармен) // Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000448>
  9. Қазақстан Республикасының Президенті: «Қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр» Жанарбек Әшімжан 25.06.2020. <http://anatili.kazgazeta.kz/news/57708>
- ©, Садепхан Алия, Тоқатов Р.А, 2021 ж .

**ОҢАЙЛАТЫЛҒАН АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Шайкенова Аягөз Мейрманқызы, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті заң факультетінің 3-ші курс студенті*

*Ғылыми жетекші: Асетова Гулнур Бакытовна, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м.*

Азаматтық істер күрделілік деңгейіне қарай бөлінетіндігі баршамызға мәлім. Кейбір істерді қарау көп уақытты, қандай да бір процесуалдық әрекеттерді жүзеге асыруды қажет етеді, ал басқалары аз уақытты қажет етеді, өйткені оларды қарау қатты қиындық тудырмайды. Бұл жіктеуге талап қоюшының талаптарын жауапкер мойындайтын